# ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА 2

**Лексикалық тақырып: Мен және қоршаған орта.**

Табиғат дегеніміз – құбылыстар туралы білімдер негізі, ғылыми таным нысаны. Табиғатпен зиян келтіру жақсылыққа апармайды, адамға тек оның заңдылықтарын білу және оның табиғи күшін пайдалану ғана қалды. Табиғатқа ұқыпты қарау және үлкен жауапкершілік сезім мен табиғат қорғауға дұрыс көзқарас әрбір адамның бала кезінен алған тәлім-тәрбиесіне байланысты.

Экологиялық мәселелер – ең маңызды өмірлік мәселелердің бірі, өйткені әңгіме адамның ғұмыр кешетін ортасы жайында, болашақ ұрпақтың өмірі туралы болып отыр. Соңғы кезде табиғи жайылымдар, шабындықтар көлемі азайып, жан-жануарлардың құрып бара жатқандығы белгілі. Сондықтан табиғат қорғау шаралары: өндіріс орындарында тазалаушы қондырғылар орнату, зияны аз деген отын пайдалану, қалдықсыз технологияға көшу қажет.

Табиғат қоршаған орта емес, табиғат біздің өзіміз. Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. Елді мекен маңындағы ағаштардың кесілуі, бұлақ көздері мен өзендердің ластануы, кейбір аңдар мен құстардың жойылуы бұл экологиялық мәселе. Табиғат – бүкіл тіршілік атауының алтын ұясы және аялы бесігі, құтты мекені. Табиғат – адамға қажет баға жетпес байлық, ырыс пен мол қазынаның қайнар көзі сондықтан халқымыз «Табиғат – адамзаттың өмір нәрі, қажетінің табылар содан бәрі» деп дәріптеген. Табиғат адам бойына шабыт, көңіліне қуат, сезіміне сұлулық пен сағыныш ұялатады. Адам табиғатқа мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, табиғаттың – кең сарай, құтты қоныс болатынын ешқашан ұмытпайық!

**Мәтінмен жұмыс:**

**1-тапсырма:** Мәтінде асты сызылған сөз тіркестерін аударып, өз сөйлемдеріңізді құраңыз.

**2-тапсырма:** Мәтіннен есімдіктерді теріп жазып, жасалуын түсіндіріңіз.

**3-тапсырма:** Буын үндестігіне бағынбайтын сөзді тауып жазыңыз.

**4-тапсырма:** Мәтіннен бұрынғы өткен шақта тұрған етістіктерді теріп жазыңыз.

**5-тапсырма:** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

1) Қоршаған орта дегеніміз не?
2) Табиғатқа ұқыпты қарау дегенді қалай түсінесіз?
3) Сіз табиғатты сүйесіз бе?
4) Табиғат бізге не береді?
5) Сіз табиғатты қорғай аласыз ба?